

Ұлан ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 04 желтоқсандағы № 480 "Ұлан ауданы бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарын тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы" қаулысының күші жойылды деп тану туралы

Шығыс Қазақстан облысы Ұлан ауданы әкімдігінің 2021 жылғы 1 сәуірдегі № 182 қаулысы. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2021 жылғы 5 сәуірде № 8498 болып тіркелді

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2016 жылға 6 сәуірдегі "Құқықтық актілер туралы" Заңының 27-бабының 9-тармағына және 46-бабының 2-тармағы 4) тармақшасына сәйкес, Ұлан ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. Ұлан ауданы әкімдігінің 2019 жылғы 04 желтоқсандағы № 480 "Ұлан ауданы бойынша мектепке дейінгі білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің жекелеген санаттарын тегін тамақтандыруды ұйымдастыру туралы" қаулысының күші жойылды деп танылсын. (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6438 тіркелген, 2019 жылғы 26 желтоқсанда Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде электрондық түрде).

2. "Ұлан ауданы әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіпте:

- 1) аймақтық әділет органында осы қаулыны мемлекеттік тіркеуді;
- 2) мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы қаулының көшірмесін ресми жариялауға Ұлан ауданы аумағында таратылатын мерзімді баспа басылымдарына жіберуді;
- 3) осы қаулы ресми түрде жарияланған соң Ұлан ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Ұлан ауданының әкімі

Р. Курмамбаев